

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметінің процестік негіздерін жаңғырту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2017 жылғы 21 желтоқсандағы № 118-VI ҚРЗ.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз.

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 2014 ж., № 15-I, 15-II, 88-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; 2015 ж., № 20-VII, 115-құжат; № 21-III, 137-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 8-II, 67-құжат; № 12, 87-құжат; № 23, 118-құжат; № 24, 126, 129-құжаттар; 2017 ж., № 1-2, 3-құжат; № 8, 16-құжат; № 14, 50, 53-құжаттар; № 16, 56-құжат):

1) мазмұнында:

"5-тарау. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу" деген тақырыптан кейін мынадай мазмұндағы 42-1-баптың тақырыбымен толықтырылсын:

"42-1-бап. Қылмыстық сот ісін жүргізу форматы";

525-баптың тақырыбы алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 13-1-бөлімнің, 64-1-тараудың, 629-1 – 629-8-баптардың тақырыптарымен толықтырылсын:

"13-1-бөлім. Бұйрықтық іс жүргізу

64-1-тарау. Бұйрықтық іс жүргізу тәртібі

629-1-бап. Бұйрықтық іс жүргізуді қолдану негіздері

629-2-бап. Бұйрықтық іс жүргізуді қолдану туралы қаулының мазмұны

629-3-бап. Бұйрықтық іс жүргізуді қолдану туралы қаулыны сотқа жіберу тәртібі

629-4-бап. Бұйрықтық іс жүргізудегі сот талқылауының тәртібі мен мерзімі

629-5-бап. Бұйрықтық іс жүргізу тәртібіндегі айыптау үкімінің құрылымы мен мазмұны

629-6-бап. Бұйрықтық іс жүргізу тәртібіндегі айыптау үкімінің көшірмесін жіберу

629-7-бап. Бұйрықтық іс жүргізу тәртібіндегі қылмыстық істі тоқтату туралы қаулыға және айыптау үкіміне шағым жасау

629-8-бап. Бұйрықтық іс жүргізу тәртібіндегі істі тоқтату туралы қаулының және айыптау үкімінің заңды күшіне енуі";

2) 7-баптың 12) және 39) тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"12) жасырын тергеу әрекеті – осы Кодексте көзделген тәртіппен және жағдайларда, сотқа дейінгі іс жүргізу барысында, мүдделеріне қатысы бар тұлғаларға алдын ала хабарламай жүргізілетін әрекет;"

"39) санкция – қылмыстық қудалау органының сотқа дейінгі іс жүргізу барысында процестік әрекет жасауына соттың рұқсаты;"

3) 14-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Күзетпен ұстауға және ұйқамаққа алуға осы Кодексте көзделген жағдайларда ғана және күзетпен қамауға не ұйқамаққа алынған адамға сотқа шағым жасау құқығын бере отырып, соттың санкциясымен ғана жол беріледі.

Осы Кодексте адамды соттың санкциясынсыз жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімге ұстап алуға жол берілетіні тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, адам соттың санкциясынсыз – қырық сегіз сағаттан аспайтын мерзімге, ал кәмелетке толмаған адам жиырма төрт сағаттан аспайтын мерзімге ұсталуға ұшырауы мүмкін.

Күзетпен ұсталмаған адамды сот-психиатриялық және (немесе) сот-медициналық сараптамалар жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастыруға соттың шешімімен ғана жол беріледі."

4) 38-баптың екінші бөлігінде:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қылмыстық процесті жүргізетін органның тиісті заңсыз әрекеттері салдарынан келтірілген зиянды өтеткізуге:"

5) тармақтағы "адамның құқығы бар." деген сөздер "адамның;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы б) тармақпен толықтырылсын:

"6) өзіне қатысты кейіннен сот тәртібімен заңсыз деп танылған жасырын тергеу әрекеттері жүргізілген адамның құқығы бар.";

5) мынадай мазмұндағы 42-1-баппен толықтырылсын:

"42-1-бап. Қылмыстық сот ісін жүргізу форматы

1. Қазақстан Республикасында қылмыстық сот ісі қағаздағы және (немесе) электрондық форматтарда жүргізіледі.

2. Қылмыстық процесті жүргізуші адам қылмыстық сот ісін өз қалауы бойынша электрондық форматта жүргізе алады, ол туралы уәжді қаулы шығарылады.

Қылмыстық сот ісін одан әрі электрондық форматта жүргізу мүмкін болмаған жағдайда, қылмыстық процесті жүргізуші адам қағаздағы форматқа көшеді, ол туралы уәжді қаулы шығарылады.";

б) 52-баптың екінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қылмыстық істерді апелляциялық тәртіппен қарау құрамында алқаның кемінде үш судьясы болатын алқалы түрде жүзеге асырылады, ал қысқартылған тәртіппен немесе бұйрықтық іс жүргізу тәртібімен қаралған, қылмыстық теріс қылықтар және онша ауыр емес қылмыстар туралы істер бойынша, үкімді орындау мәселелері бойынша соттың үкімдеріне, қаулыларына, тергеу судьясының қаулыларына берілген

шағымдарды, прокурорлардың өтінішхаттарын қарау кезінде судья жеке-дара жүзеге асырады.";

7) 53-баптың екінші бөлігінде:

5) тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5) күдіктіге, айыпталушыға қатысты тергеуші, анықтаушы, анықтау органы, прокурор таңдаған күзетпен ұстау, ұйқамақ, экстрадициялық қамақ, кепіл түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялауға және олардың мерзімдерін ұзартуға;"

8) тармақтағы "тінтуге құқықты." деген сөздер "тінтуге;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5-1) және 9) тармақтармен толықтырылсын:

"5-1) жасырын тергеу әрекеттерін жүргізуді және оның мерзімдерін ұзартуды санкциялауға, сондай-ақ адамды оған қатысты жүргізілген жасырын тергеу әрекеттері туралы хабардар ету мерзімін ұзартуға, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының адамды оған қатысты жүргізілген жасырын тергеу әрекеттері туралы хабардар етпеуіне келісім беруге;"

"9) үлгілерді мәжбүрлеп алуды және мәжбүрлеп куәландыруды санкциялауға құқықты.";

8) 55-бапта:

бірінші бөлікте:

мынадай мазмұндағы 5-1) тармақпен толықтырылсын:

"5-1) жасырын тергеу әрекеттерін жүргізуді, жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу мерзімдерін ұзартуды санкциялау;"

7) тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7) кепіл қолдануды санкциялау;"

16) тармақтағы "санкциялау мәселелерін қарайды." деген сөздер "санкциялау;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 17) және 18) тармақтармен толықтырылсын:

"17) мәжбүрлеп куәландыруды санкциялау;

18) үлгілерді мәжбүрлеп алуды санкциялау мәселелерін қарайды.";

екінші бөлікте:

7) тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7) қорғаушы ретінде қатысатын адвокаттың уәжді өтінішхаты бойынша сараптама тағайындау не қылмыстық қудалау органының, жасырын тергеу әрекеттерін қоспағанда, оның ішінде, егер қылмыстық қудалау органы осындай өтінішхатты қанағаттандырудан негізсіз бас тартса не ол бойынша үш тәулік ішінде шешім қабылдасамаса, өзге тергеу әрекеттерін жүргізуі туралы мәселені қарайды;"

мынадай мазмұндағы 8-1) және 8-2) тармақтармен толықтырылсын:

"8-1) сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының уәжді өтінішхаты бойынша адамды оған қатысты жүргізілген жасырын тергеу әрекеттері туралы хабардар ету мерзімін бір жылға дейін ұзарту туралы мәселені қарайды;

8-2) сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының уәжді өтінішхаты бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының адамды оған қатысты жүргізілген жасырын тергеу әрекеттері туралы хабардар етпеуіне келісім береді;"

9) 56-баптың екінші және төртінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Тергеу судьясы өз құзыретіне жатқызылған мәселелерді сот отырысын өткізбей, жеке-дара қарайды.

Егер заңды және негізді шешім қабылдау үшін маңызы бар мән-жайларды зерттеу қажет болса, не прокурордың немесе қорғау тарапының өтінішхаты болса, тергеу судьясы тиісті тұлғалардың және прокурордың қатысуымен сот отырысын өткізу туралы мәселені шешеді.

Осы Кодекстің 55-бабы бірінші бөлігінің 1), 2), 5) және 6) тармақтарында, екінші бөлігінің 2) және 3) тармақтарында көрсетілген мәселелерді қарау кезінде сот отырысын өткізу міндетті. Сот отырысын өткізу міндетті болған жағдайда, қорғау тарапы мен прокурорға сот отырысының уақыты мен орны туралы күні бұрын хабарланады.

Сот отырысы тергеу судьясының өкімі бойынша бейнебайланыс режимінде өткізілуі мүмкін. Сот отырысы барысында хаттама жүргізіледі.";

"4. Тергеу судьясы осы Кодекске сәйкес істі мәні бойынша шешу кезінде сотта қараудың нысанасы болуы мүмкін мәселелерді алдын ала шешуге, осы Кодекстің 55-бабы екінші бөлігінің 7) тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, тергеп-тексеру бағыты және тергеу әрекеттерін жүргізу туралы нұсқаулар беруге, сотқа дейінгі іс жүргізуді жүзеге асыратын адамдардың және қадағалаушы прокурордың, сондай-ақ істі мәні бойынша қарайтын соттың орнына әрекет жасауға және шешім қабылдауға тиіс емес.";

10) 58-баптың алтыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры өз құзыреті шегінде осы Кодекстің нормаларын қолдану мәселелері бойынша, оның ішінде қылмыстық сот ісін электрондық форматта жүргізу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер қабылдайды.

Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры өз құзыреті шегінде қабылдаған нормативтік құқықтық актілер қылмыстық қудалау органдарының орындауы үшін міндетті.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын органдардың нормативтік құқықтық актілері олардың құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының Бас Прокурорымен келісу бойынша қабылданады.";

11) 59-баптың екінші бөлігінде:

7) тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7) прокурорға – айыптау актісімен бірге қылмыстық істерді, сондай-ақ бұйрықтық іс жүргізу тәртібімен онша ауыр емес қылмыстар туралы істерді жіберуге;"

мынадай мазмұндағы 8-1) тармақпен толықтырылсын:

"8-1) прокурорға тергеу судьясының қаулысына өтінішхат келтіру туралы өтініш жасауға;"

12) 60-бапта:

үшінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Кодексте көзделген жағдайларда, тергеуші прокурорды процестік келісім жасасуға мүмкіндік беретін мән-жайлардың анықталғаны туралы хабардар етеді. Осы Кодексте көзделген негіздер болған кезде тергеуші бұйрықтық іс жүргізуді қолданады."

жетінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Заңда прокурордың келісімін, соттың санкциясын немесе соттың шешімін алу көзделген жағдайларды қоспағанда, тергеуші сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізу кезінде барлық шешімді өзі дербес қабылдайды және олардың заңды және уақтылы орындалуы үшін толық жауапты болады. Тергеушінің қызметіне заңсыз араласу қылмыстық жауаптылыққа алып келеді."

13) 62-бапта:

төртінші бөлік 5) тармақтағы "шағымдарды қарауға құқылы." деген сөздер "шағымдарды қарауға;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 6) тармақпен толықтырылсын:

"6) прокурорға тергеу судьясының қаулысына өтінішхат келтіру туралы өтініш жасауға құқылы."

бесінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Анықтау органының бастығы мүлікке тыйым салуды қолдану, халықаралық іздестіру жариялау, күзетпен ұсталмайтын күдіктіні, айыпталушыны стационарлық сот-медициналық немесе сот-психиатриялық сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымға жіберу, күдіктіге, айыпталушыға қатысты күзетпен ұстау түрінде бұлтартпау шарасын таңдау, күзетпен ұстау мерзімін ұзарту; күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын өзгерту немесе оның күшін жою; тінту жүргізу; күдіктіні, айыпталушыны лауазымынан шеттету; жақындауға тыйым салу; күдіктіні, айыпталушыны этаппен апару; күдіктіге, айыпталушыға іздестіру жариялау жөнінде өтінішхат қозғау туралы қаулыларды келіседі; айыптау актісін келіседі, қылмыстық теріс қылық туралы хаттаманы бекітеді; қылмыстық құқық бұзушылықтар жасады деп күдік келтірілген адамдарды ұстап алу туралы хаттаманы бекітеді; қылмыстық істерді келісілген айыптау актісімен бірге прокурорға жібереді; сотқа қылмыстық теріс қылықтар туралы хаттамалық нысандағы және бұйрықтық іс жүргізу тәртібіндегі қылмыстық істерді жібереді; онша ауыр емес қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша бұйрықтық іс жүргізуді қолдану туралы қаулыларды келіседі және оларды прокурорға жібереді; қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін мән-жайларды жою жөнінде шаралар қабылдауды қамтамасыз етеді.

Осы Кодексте көзделген жағдайларда анықтау органының бастығы прокурорды процесік келісім жасасуға мүмкіндік беретін мән-жайлардың анықталғаны туралы хабардар етеді.

Осы Кодексте көзделген негіздер болған кезде анықтау органының бастығы бұйрықтық іс жүргізуді қолданады.";

14) 64-баптың тоғызыншы бөлігі мынадай мазмұндағы 16-1) тармақпен толықтырылсын:

"16-1) қылмыстық теріс қылық немесе онша ауыр емес қылмыс туралы іс бойынша бұйрықтық іс жүргізуді қолдану туралы өтінішхат мәлімдеуге;"

15) 65-баптың бірінші бөлігінде:

1) және 2) тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1) прокурор айыптау актісін бекіткен, онша ауыр емес қылмыс туралы іс бойынша бұйрықтық іс жүргізуді қолдану туралы қаулыны бекіткен;

2) қылмыстық теріс қылық туралы хаттама бекітілген және қылмыстық істі қылмыстық заңның тиісті бабы (баптары) бойынша сотқа жіберу туралы шешім қабылданған;"

3) тармақтағы "аяқталған адам айыпталушы болып танылады." деген сөздер "аяқталған;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақпен толықтырылсын:

"4) анықтау органының бастығы қылмыстық теріс қылық туралы іс бойынша бұйрықтық іс жүргізуді қолдану туралы қаулыны бекіткен адам айыпталушы болып танылады.";

16) 70-баптың үшінші бөлігінің 3) тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) жасырын тергеу әрекетін қоспағанда, оның ішінде қылмыстық қудалау органы осындай өтінішхатты қанағаттандырудан негізсіз бас тартса не ол бойынша үш тәулік ішінде шешім қабылданбаса, тергеу судьясының алдында сараптама тағайындау не сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының тергеу әрекетін жүргізуі туралы өтінішхат беруге;"

17) 71-баптың алтыншы бөлігі мынадай мазмұндағы 8-1) тармақпен толықтырылсын:

"8-1) қылмыстық теріс қылық немесе онша ауыр емес қылмыс туралы іс бойынша бұйрықтық іс жүргізуді қолдануға келісім білдіруге;"

18) 73-баптың екінші бөлігі мынадай мазмұндағы 8-1) тармақпен толықтырылсын:

"8-1) қылмыстық теріс қылық немесе онша ауыр емес қылмыс туралы іс бойынша бұйрықтық іс жүргізуді қолдануға келісім білдіруге;"

19) 74-баптың екінші бөлігі мынадай мазмұндағы 6-1) тармақпен толықтырылсын:

"6-1) қылмыстық теріс қылық немесе онша ауыр емес қылмыс туралы іс бойынша бұйрықтық іс жүргізуді қолдануға келісім білдіруге;"

20) 107-бапта:

бірінші бөліктің 10) тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"10) қарап-тексеруді, тінтуді, алуды, жеке тінтуді, мәжбүрлеп куәландыруды, үлгілерді мәжбүрлеп алуды санкциялау не санкциялаудан бас тарту туралы қаулысына шағым жасауға, ал прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.";

мынадай мазмұндағы 1-1-бөлікпен толықтырылсын:

"1-1. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында прокурор тергеу судьясының жасырын тергеу әрекеттерін санкциялау не санкциялаудан бас тарту, жасырын тергеу әрекеттерінің мерзімдерін ұзарту не ұзартудан бас тарту туралы, адамды оған қатысты жүргізілген жасырын тергеу әрекеттері туралы хабардар ету мерзімдерін ұзартудан бас тарту туралы, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының адамды оған қатысты жүргізілген жасырын тергеу әрекеттері туралы хабардар етпеуіне келісім беруден бас тарту туралы қаулысына өтінішхат келтіруге құқылы.";

алтыншы бөлік мынадай мазмұндағы екінші және үшінші абзацтармен толықтырылсын:

"Осы баптың бірінші бөлігінің 10) тармағында көзделген жағдайда, жабық сот отырысына қатысатын адамдар тізбесін шағымды, өтінішхатты қарайтын судья айқындайды.

Осы баптың 1-1-бөлігінде көзделген мәселелерді қарау осы Кодекстің 234-бабына сәйкес жүргізіледі.";

сегізінші бөлік мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Осы баптың бірінші бөлігінің 10) тармағында және 1-1-бөлігінде көзделген жағдайларда, сот қаулысы прокурорға табыс етіледі (жіберіледі).";

21) 121-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Дәлелдеу істі заңды, негізді және әділ шешу үшін маңызы бар мән-жайларды анықтау мақсатында дәлелдемелерді жинаудан, зерттеуден, бағалаудан және пайдаланудан тұрады. Дәлелдеу осы Кодекстің 23-тарауында көзделген тәртіппен сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша ғана жүргізіледі.";

22) 122-баптың үшінші бөлігінің 1) және 5) тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) заңды тұлғалардан, оның ішінде мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктерден анықтамаларды, мінездемелерді, өзге де құжаттарды талап етіп алуға құқылы. Көрсетілген тұлғалар қорғаушыға, жәбірленушінің өкіліне олар сұратқан құжаттарды немесе олардың расталған көшірмелерін он тәулік ішінде беруге міндетті.

Күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы мәселені қарау кезінде талап етіп алдырылатын анықтамалар, мінездемелер және өзге де құжаттар қорғаушыға жиырма төрт сағат ішінде ұсынылады.";

"5) қылмыстық іске қатысты ақпаратты білуі ықтимал адамдардың келісуімен, оларға сұрау салу арқылы, оның ішінде ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып алуға құқылы.

Сұрау салу барысы мен нәтижелері жазбаша түрде не электрондық жеткізгіште көрініс тауып, қорғаушының, жәбірленуші өкілінің өтінішхаты бойынша қылмыстық іске қоса тігілуге жатады және оларды қылмыстық істі жүргізуші орган осы Кодекстің талаптарына сәйкес зерттегеннен және бағалағаннан кейін дәлелдеме мәртебесіне ие болады.";

23) 131-баптың екінші және төртінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Анықтау органының лауазымды адамы, анықтаушы, тергеуші осы Кодекстің 129-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімде ұстап алу хаттамасын жасайды. Күдіктінің жалпы денсаулық жағдайын және дене зақымдануының бар-жоғын анықтау үшін ол осы Кодекстің 223-бабында көзделген тәртіппен куәландырылуға жатады.

Ұстап алу хаттамасында мынадай мәліметтер көрсетіледі:

- 1) күдіктінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде);
- 2) күдіктіні кімнің ұстап алғаны, ұстап алу негізі, уәждері, орны, нақты ұстап алу және жеткізу уақыты (сағаты мен минуты көрсетіле отырып);
- 3) күдіктінің құқықтары түсіндірілгені туралы мәліметтер;
- 4) жеке тінту нәтижелері;
- 5) ұстап алынған адамның денсаулық жағдайы туралы мәліметтер;
- 6) хаттаманың жасалған уақыты мен орны.

Хаттамаға оны жасаған лауазымды адам, күдікті және қорғаушы (ол қатысқан кезде) қол қояды.

Хаттамаға медициналық куәландыру қорытындысы қоса беріледі.";

"4. Мынадай:

- 1) аса ауыр ауыр қылмыс жасады деген күдік бойынша ұстап алу;
- 2) террористік немесе экстремистік қылмыс жасады деген күдік бойынша ұстап алу;
- 3) жаппай тәртіпсіздік барысында қылмыс жасады деген күдік бойынша ұстап алу;
- 4) қылмыстық топ құрамында қылмыс жасады деген күдік бойынша ұстап алу;
- 5) есірткі, психотроптық заттардың, прекурсорлардың және сол тектестердің заңсыз айналымына байланысты, кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстар, сондай-ақ адам өліміне алып келген қасақана қылмыс жасады деген күдік бойынша ұстап алу кезінде;
- 6) жердің шалғайлығы немесе тиісті қатынас жолдарының жоқтығы салдарынан, сондай-ақ төтенше жағдай немесе төтенше ахуал жағдайларында адамды тергеу судьясына уақтылы жеткізуді қамтамасыз ету мүмкін болмаған кезде жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімге ұстап алуға жол берілетін жағдайларды қоспағанда, адам

қылмыс жасады деген күдік бойынша – қырық сегіз сағаттан аспайтын мерзімге, ал кәмелетке толмаған адам жиырма төрт сағаттан аспайтын мерзімге ұстап алынуы мүмкін.";

24) 133-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Егер нақты ұстап алынған кезден бастап – қырық сегіз сағат ішінде, ал кәмелетке толмағандарға қатысты жиырма төрт сағат ішінде ұстап алынған адамды ұстау орнының бастығына күдіктіні күзетпен ұстауды санкциялау туралы сот қаулысы келіп түспесе, ұстап алынған адамды ұстау орнының бастығы, осы Кодекстің 131-бабы төртінші бөлігінің 1) – 6) тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, оны өзінің қаулысымен дереу босатады және бұл туралы іс жүргізуінде іс жатқан адамды және прокурорды хабардар етеді.

Осы Кодекстің 131-бабы төртінші бөлігінің 1) – 6) тармақтарында көзделген жағдайларда, егер ұстап алынған адамды ұстау орнының бастығына нақты ұстап алынған кезден бастап жетпіс екі сағат ішінде күдіктіні күзетпен ұстауды санкциялау туралы сот қаулысы келіп түспесе, ол осы адамды өзінің қаулысымен дереу босатады және бұл туралы іс жүргізуінде іс жатқан адамды және прокурорды хабардар етеді.";

25) 136-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"3. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 217, 218, 231, 234, 248 және 249-баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтардан басқа, экономикалық қызмет саласында қылмыстар жасады деп күдік келтіріліп, айыпталып жатқан адамдарға, осы Кодекстің 147-бабы бірінші бөлігінің 4) және 5) тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылмайды.";

26) 145-бапта:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Кепіл тергеу судьясының санкциясымен не соттың қаулысы бойынша ғана қолданылады.

Бұлтартпау шарасы ретінде кепілді таңдау кезінде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам осы Кодекстің 140-бабына сәйкес сот алдында осы шараны қолдануға санкция беру жөнінде өтінішхат қозғау туралы қаулы шығарады және оны сотқа жібереді. Қаулыға өтінішхаттың негізділігін растайтын қылмыстық іс материалдарының куәландырылған көшірмелері қоса беріледі.

Қаулының көшірмесі бір мезгілде прокурорға жіберіледі.";

төртінші бөлік мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Тергеу судьясының кепіл енгізу туралы қаулысы орындалмаған жағдайда, сотқа дейінгі іс жүргізуді жүзеге асыратын адам бұлтартпау шарасын өзгерту туралы мәселеге бастамашылық жасайды.";

27) 147-бапта:

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдік келтірілген адам ұстап алынған мерзім ішінде прокурор осы Кодекстің 131-бабында көзделген тәртіппен өтінішхаттың негізділігін растайтын қылмыстық іс материалдарымен танысуға құқылы.";

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Прокурор сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның өтінішхатын зерделеу нәтижелері бойынша өтінішхатқа келісім білдіреді не оны қолдаудан уәжді қаулымен бас тартады және (немесе) өзге бұлтартпау шарасын таңдау туралы мәселені шешеді. Қаулының көшірмесі мүдделі адамдарға жіберіледі.

Прокурор ұстап алу мерзімі өтерден кемінде сегіз сағат бұрын тергеу судьясына өтінішхаттың негізділігін растайтын қылмыстық іс материалдарының көшірмелерін қоса бере отырып, күзетпен ұстауды санкциялау жөнінде өтінішхат қозғау туралы қаулыны ұсынуға міндетті.";

төртінші бөлік алып тасталсын;

28) 153-баптың үшінші және бесінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу барысында прокурордың келісуі немесе нұсқауы бойынша таңдалған бұлтартпау шарасының күші прокурордың келісуімен ғана жойылуы немесе ол өзгертілуі мүмкін.";

"5. Тергеу судьясы санкциялаған бұлтартпау шарасының күшін жою немесе оны өзгерту, осы Кодекстің 145-бабының сегізінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, тергеу судьясының санкциясымен жүргізіледі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қылмыстық істі немесе қылмыстық қудалауды тоқтату туралы шешім қабылдаған кезде бұлтартпау шарасының күшін жою прокурордың келісуімен жүргізіледі.";

29) 158-бапта:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген мән-жайлар болған кезде, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам сот алдында лауазымынан уақытша шеттету жөнінде өтінішхат қозғау туралы қаулы шығарады және оны тергеу судьясына жібереді.

Қаулыға қылмыстық істің лауазымынан шеттету қажеттігін растайтын материалдарының куәландырылған көшірмелері қоса беріледі.

Қаулының көшірмесі бір мезгілде прокурорға жіберіледі.";

үшінші бөлік алып тасталсын;

төртінші және сегізінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Лауазымнан уақытша шеттетуді санкциялау туралы өтінішхатты тергеу судьясы өтінішхат сотқа келіп түскен кезден бастап жиырма төрт сағат ішінде тараптардың қатысуынсыз жеке-дара қарайды.";

"8. Лауазымынан уақытша шеттетудің күшін жоюды осы шараға қажеттілік жойылған кезде – тергеу судьясының санкциясы бойынша қылмыстық қудалау

органының уәжді қаулысымен, не қылмыстық істі сотта қарау барысында сот жүзеге асырады.";

30) 161-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам үкімнің азаматтық талап қою, басқа да мүліктік өндіріп алулар немесе мүлікті ықтимал тәркілеу бөлігінде орындалуын қамтамасыз ету мақсатында мүлікке тыйым салуды қолдану шараларын қабылдауға міндетті.

Егер азаматтық талап қоюды қамтамасыз ету негіздері сот тергеуі сатысында туындаса, сот үкім заңды күшіне енгенге дейін оны қамтамасыз ету шараларын қабылдауға құқылы.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда прокурордың келісуімен, егер мүліктің меншік иесінің жеке басы анықталса, оны жиырма төрт сағат ішінде хабардар ете отырып, мүлікке билік етуге он тәуліктен аспайтын мерзімге уақытша шектеу белгілеуге құқылы.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам мүлікке билік етуге шектеу белгіленген мерзім өткен соң осы Кодекстің 162-бабында көзделген тәртіппен сот алдында мүлікке тыйым салуды қолдану жөнінде өтінішхат қозғау туралы қаулы шығаруға не белгіленген шектеуді алып тастауға міндетті.

Мүліктің меншік иесін оған тиесілі мүлікке билік етуге уақытша шектеу белгіленгені туралы хабардар ету мына жағдайларда:

- 1) террористік немесе экстремистік қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша;
- 2) қылмыстық топ жасаған қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша;
- 3) егер мүліктің меншік иесін мүлікке билік етуге уақытша шектеу белгіленгені туралы хабардар ету қылмыстық іс бойынша жүргізіліп жатқан жасырын тергеу іс-шаралары туралы ақпараттың ашылу қаупін туғызса, жүргізілмейді.";

31) 162-бапта:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның мүлікке тыйым салуды қолдану жөнінде өтінішхат қозғау туралы қаулысы және оның материалдары тыйым салынуға жататын мүлік анықталған кезден бастап қырық сегіз сағаттан кешіктірілмей тергеу судьясына ұсынылуға тиіс. Қаулының көшірмесі бір мезгілде прокурорға жіберіледі.";

үшінші, төртінші және бесінші бөліктер алып тасталсын;

32) 163-бапта:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның мүлікке тыйым салуды қолдану жөнінде өтінішхат қозғау туралы қаулысы материалдар сотқа келіп түскен кезден бастап жиырма төрт сағат ішінде сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілген жер бойынша не күдіктінің, айыпталушының мүлкі табылған жер бойынша сот отырысында

аудандық немесе оған теңестірілген соттың тергеу судьясының жеке-дара қарауына жатады.";

үшінші бөлік алып тасталсын;

33) 165-бапта:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы күш қолданумен немесе оны қолданамын деп қорқытумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтың нақты қаупі болған не оны күдікті, айыпталушы жасаған кезде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жәбірленушінің немесе қорғалуға жататын өзге адамның жазбаша арызы бойынша сот алдында жақындауға тыйым салуды санкциялау жөнінде өтінішхат қозғау туралы қаулы шығарады және оны прокурорға жібереді.

Қаулыға қылмыстық істің жақындауға тыйым салуды қолдану қажеттігін растайтын материалдарының куәландырылған көшірмелері қоса беріледі.

Қаулының көшірмесі бір мезгілде прокурорға жіберіледі.";

үшінші бөлік алып тасталсын;

төртінші және сегізінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жақындауға тыйым салуды санкциялау туралы өтінішхатты тергеу судьясы өтінішхат сотқа келіп түскен кезден бастап жиырма төрт сағат ішінде жеке-дара қарайды.";

"8. Жақындауға тыйым салудың күшін жоюды осы шараға қажеттілік жойылған кезде – тергеу судьясының санкциясы бойынша қылмыстық қудалау органының уәжді қаулысымен, не қылмыстық істі сотта қарау барысында сот жүзеге асырады.";

34) 179-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздың, хабардың Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркелуі не кезек күттірмейтін бірінші тергеу әрекеті сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы болып табылады. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталғаны туралы бір тәулік ішінде прокурор хабардар етіледі.

Мынадай:

1) қолданыстағы заңнаманы бұзушылықтар туралы, тексерулер, ревизиялар, аудит актілерімен және олардың болуы қылмыстық құқық бұзушылықтың міндетті белгісі болып табылатын басқалармен расталған нұқсан, елеулі зиян не заңсыз кіріс туралы мәліметтері жоқ;

2) жазбаша нысанда жасалған және сот жарамсыз, жалған немесе өтірік деп танымаған азаматтық-құқықтық мәмілелерді орындамауға немесе тиісінше орындамауға негізделген бұзушылықтар жөнінде қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыз, хабар немесе баянат тіркелуге жатпайды.

Осы баптың бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақтарында көрсетілген талаптар шарттық міндеттемелердің жосықсыз орындалғаны туралы ұжымдық, көптеген арыздар беру жағдайларына қолданылмайды.";

35) 185-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Экстремистік және террористік қылмыстар туралы істер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыруға себептер болған кезде қылмыстық қудалау органдары прокурордың келісуімен арызды, хабарды немесе баянатты тіркеу мерзімін прокурор айқындаған мерзімге кейінге қалдыруға құқылы.";

36) 193-баптың бірінші бөлігінің б) және 16) тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"б) осы Кодексте көзделген жағдайларда сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның әрекеттерін және (немесе) шешімдерін келіседі, бекітеді,";

"16) айыптау актісін бекітеді, онша ауыр емес қылмыстар туралы істер бойынша бұйрықтық іс жүргізуді қолдану туралы қаулыны бекітеді, айыпталушыны сотқа береді және қылмыстық істі мәні бойынша қарау үшін сотқа жібереді,";

37) 217-баптың бірінші, екінші және бесінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Прокурор, тергеуші, анықтау органының бастығы, күдікті немесе оның іске қорғаушы ретінде қатысатын адвокаты, егер жәбірленуші, куә болып табылатын адамнан сотқа дейінгі тергеп-тексеру не сот отырысы барысында неғұрлым кешірек жауап алу объективті себептерге (Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде тұрақты тұруы, шетелге шығуы, денсаулығының ауыр жағдайы, қауіпсіздік шараларын қолдану) байланысты мүмкін болмауы ықтимал деп пайымдауға негіз болған жағдайда, сондай-ақ психикасын жарақаттаушы әсер етуді болдырмау үшін кәмелетке толмаған куәлар мен жәбірленушілерден кейіннен жауап алуды болдырмау мақсатында тергеу судьясының олардан жауап алуы туралы өтінішхат беруге құқылы.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жолданымға қылмыстық істің жәбірленушінің, куәнің айғақтарын сақтауға қою қажеттігін растайтын материалдарын қоса береді.

2. Тергеу судьясы өтінішхатты алынған кезінен бастап жиырма төрт сағат ішінде қарайды және оның нәтижелері бойынша өтінішхатты қанағаттандыру не қанағаттандырудан бас тарту туралы уәжді қаулы шығарады. Өтінішхат қанағаттандырылған жағдайда, тергеу судьясы алғаш мүмкіндік болған кезде жауап алу уақытын тағайындайды, бұл туралы прокурорға, күдіктіге және оның іске қорғаушы ретінде қатысатын адвокатына хабарланады. Тергеу судьясының өтінішхатты қанағаттандырудан бас тарту туралы қаулысына осы Кодекстің 107-бабында көзделген тәртіппен шағым жасалады және осы қаулы прокурордың өтінішхаты бойынша қайта қаралады. Тергеу судьясының өтінішхатты қанағаттандырудан бас тартуы айғақтарды сақтауға қою туралы өтінішхатты сотқа жіберу үшін негіздердің бар екенін көрсететін мән-жайлар туындаған жағдайда, осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген адамдардың қайтадан жүгінуіне кедергі болмайды. Кәмелетке толмағандардың айғақтарын сақтауға қою туралы өтінішхат міндетті түрде қанағаттандыруға жатады.";

"5. Жауап алынатын адамның тергеу судьясы сақтауға қойған айғақтары тіркелген сот отырысының хаттамасына судья мен сот отырысының хатшысы қол қояды. Айғақтарды сақтауға қою кезінде болған процеске қатысушылар сот отырысы хаттамасының көшірмесін алуға және оған қол қойылғаннан кейін бес тәулік ішінде өз ескертулерін келтіруге құқылы. Тергеу судьясы хаттамаға ескертулерді келіп түскен күні қарап, олардың қабылданғаны немесе қабылданбағаны туралы қаулы шығарады. Содан соң сот отырысының хаттамасы, егер хаттамаға ескертулер келтірілген болса, осы ескертулер және судьяның оларды қарау туралы қаулысы қылмыстық іс материалдарына қосып тігу үшін сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға жіберіледі.";

38) 220-бапта:

13-1-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"13-1. Тұрғын үй-жайды мәжбүрлеп қарап-тексеру жүргізу қажет болған кезде, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қарап-тексеру жүргізу туралы қаулы шығарады және оны тергеу судьясына жібереді.

Қаулыға қылмыстық істің қарап-тексеру жүргізу қажеттігін растайтын материалдарының куәландырылған көшірмелері қоса беріледі.

Қаулының көшірмесі бір мезгілде прокурорға жіберіледі.";

13-2-бөлік алып тасталсын;

13-4 және он төртінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"13-4. Тергеу судьясы өтінішхатты және ұсынылған материалдарды қарап шығып, қарап-тексеруді санкциялайды не оны санкциялаудан уәжді қаулымен бас тартады. Тергеу судьясының шешімі сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға жіберіледі.

14. Егер тұрғын үй-жай оқиға орны болса және оны қарап-тексеруді кейінге қалдыруға болмаса, онда тұрғын үй-жайды қарап-тексеру кейіннен материалдарды бір тәуліктік мерзімде тергеу судьясына жібере отырып, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қаулысы бойынша жүргізілуі мүмкін.

Қаулының көшірмесі бір мезгілде прокурорға жіберіледі.

Тергеу судьясы жүргізілген қарап-тексерудің заңдылығын тексереді және оның заңды немесе заңсыз екені туралы қаулы шығарады, ол қылмыстық істің материалына қоса тігіледі.

Жүргізілген қарап-тексерудің заңсыз екені туралы шешім қабылданған жағдайда, оның нәтижелері іс бойынша дәлелдемелер ретінде жіберіле алмайды.";

39) 223-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам куәландыру жүргізу туралы қаулы шығарады, ол күдікті, айыпталушы үшін, сондай-ақ арыз иесі қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам ретінде тікелей көрсеткен адам үшін міндетті болып табылады.

Жәбірленушіні, куәні, арыз иесін мәжбүрлеп куәландыру осы Кодекстің 220-бабының 13-1, 13-3 және 13-4-бөліктерінде көзделген тәртіппен, тергеу судьясының санкциясымен жүргізіледі.";

40) 226-бапта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Эксгумациялау жүргізу қажет болған кезде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам эксгумациялау жүргізу туралы қаулы шығарады және оны тергеу судьясына жібереді.

Қаулыға қылмыстық істің эксгумациялау жүргізу қажеттігін растайтын материалдарының куәландырылған көшірмелері қоса беріледі.

Қаулының көшірмесі бір мезгілде прокурорға жіберіледі.";

екінші бөлік алып тасталсын;

үшінші, төртінші және бесінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Эксгумациялауды санкциялау туралы өтінішхатты тергеу судьясы материалдар сотқа келіп түскен кезден бастап жиырма төрт сағат ішінде тараптардың қатысуынсыз жеке-дара қарайды.

4. Тергеу судьясы өтінішхатты және істің ұсынылған материалдарын қарап шығып, эксгумациялауды санкциялайды не оны санкциялаудан уәжді қаулымен бас тартады, ал сот отырысы өткізіліп жатқан жағдайда эксгумациялауды санкциялау не санкциялаудан бас тарту туралы қаулы шығарады.

Тергеу судьясы шешімінің немесе қаулысының көшірмесі эксгумациялау туралы қаулы шығарған сотқа дейінгі тергеп-тексеру органына орындау үшін жіберіледі.

5. Эксгумациялау жүргізу немесе одан бас тарту туралы шешімге осы Кодекстің 107-бабында көзделген тәртіппен шағым жасалуы, осы шешім прокурордың өтінішхаты бойынша қайта қаралуы мүмкін.";

41) 232-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы Кодекстің 231-бабының 1) – 6) тармақтарында көзделген жасырын тергеу әрекеттері тергеу судьясының санкциясымен жүргізіледі, оны алу тәртібі осы Кодекстің 234-бабында белгіленген.";

42) 233-баптың бірінші бөлігінің 3) тармағы алып тасталсын;

43) 234 және 235-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"234-бап. Жасырын тергеу әрекеттерін санкциялау

1. Жасырын тергеу әрекеттері сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның не осы Кодексте тиісті қаулы шығаруға уәкілеттік берілген өзге лауазымды адамдардың уәжді қаулысы негізінде тергеу судьясының, соттың санкциясымен жүргізіледі.

Санкция қылмыстар туралы осы Кодексте белгіленген тәртіппен тіркелген хабарлар мен арыздар бойынша ғана беріледі.

2. Жасырын тергеу әрекетін жүргізу туралы қаулы шығарылғанынан кейін жиырма төрт сағат ішінде көрсетілген тергеу әрекетін жүргізудің негізділігін растайтын материалдармен бірге тергеу судьясына ұсынылады.

Жасырын тергеу әрекетін санкциялау тиісті қаулы сотқа келіп түскен кезден бастап он екі сағат ішінде жүргізіледі.

Қосымша материалдарды талап етіп алдыру қажет болған жағдайларда, қаулыны белгіленген мерзімнен асырып, бірақ жиырма төрт сағаттан аспайтын мерзімде қарауға жол беріледі.

Шығарылған қаулы негізсіз болған жағдайда, тергеу судьясы оны санкциялаудан бас тартады.

Жасырын тергеу әрекетін санкциялау барысында берілген ақпараттың анықтығына күмән болған кезде, тергеу судьясы қаулыны санкциялап, жиырма төрт сағат ішінде оның заңдылығын процестік прокурордың тексеруіне бастама жасауға құқылы.

Процестік прокурор бес тәулік ішінде тиісті тексеру жүргізіп, оның нәтижелері туралы тергеу судьясын хабардар етуге міндетті.

Егер тексеруде жасырын тергеу әрекетін жүргізу туралы қаулының заңсыз екені анықталған жағдайда, прокурор тергеу судьясына тиісті өтінішхат енгізуге міндетті.

3. Тергеу судьясы жасырын тергеу әрекеттерін прокурордың өтінішхаты бойынша тоқтатуы мүмкін.

4. Судьяға қатысты жасырын тергеу әрекетін санкциялауды Астана қаласының тергеу судьясы сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының Қазақстан Республикасының Бас Прокурорымен келісілген қаулысы бойынша жүргізеді.

Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына қатысты жасырын тергеу әрекетін санкциялауды Астана қаласының тергеу судьясы сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бірінші орынбасарымен келісілген қаулысы бойынша жүргізеді.

5. Жасырын тергеу әрекеті аяқталған күннен бастап екі тәуліктен кешіктірілмей, уәкілетті прокурор оны жүргізу нәтижелері туралы хабардар етіледі.

235-бап. Кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу

1. Кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда, тергеу судьясын жиырма төрт сағат ішінде хабардар ете отырып және санкцияны кейіннен осы Кодекстің 234-бабында көзделген тәртіппен ала отырып, осы Кодекстің 232-бабының үшінші бөлігінде көрсетілген жасырын тергеу әрекеттерін жүргізуге жол беріледі.

2. Тергеу судьясы ұсынылған материалдарды зерделеп шығып, кейінге қалдыруға болмайтынына келіскен жағдайда – жасырын тергеу әрекетін жүргізу туралы қаулыны санкциялайды, ал оған келіспеген жағдайда оны тоқтату және алынған нәтижелерді дәлелдемелер ретінде пайдалануға жол берілмейтіні туралы қаулы шығарады.";

44) 236-бапта:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізуді жалғастыру қажет болған кезде оларды жүргізуге бастамашы болған орган мерзім аяқталардан үш тәулік бұрын оны отыз тәуліктен аспайтын мерзімге ұзарту қажеттігі туралы уәжді қаулы шығарады және оны санкциялау үшін тергеу судьясына жібереді.

Тергеу судьясының санкциясы алынғаннан кейін қаулы жасырын тергеу әрекетін жүзеге асыратын уәкілетті органға орындау үшін жіберіледі. Тергеу судьясы жасырын тергеу әрекетінің жүргізілуін ұзартуды санкциялап, бұл ретте қаулыда көрсетілгеннен аз мерзім белгілеуі мүмкін. Жасырын тергеу әрекетін жүргізуді жалғастыруға қажеттілік болмаған кезде, тергеу судьясы қаулыны санкциялаудан бас тартады және жасырын тергеу әрекеті тоқтатылады.

Жасырын тергеу әрекетін одан әрі жүргізуге қажеттілік жойылған кезде, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы оның жүргізілуін өзі дербес тоқтатады.";

үшінші бөлік алып тасталсын;

45) 240-бапта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Тергеуші, анықтаушы қылмыстық процесте дәлелдемелік маңызы жоқ деп таныған жасырын тергеу әрекеттерінің нәтижелері тергеп-тексеру материалдарына қоса тігілмейді және құқық қорғау органының немесе арнаулы мемлекеттік органның уәкілетті бөлімшесінде бөгде адамдардың олармен танысу мүмкіндігін болдырмайтын жағдайларда, осы баптың 1-1 және алтыншы бөліктерінде көзделген мәселелер түпкілікті шешілгенге дейін сақталады, содан соң тиісті акт жасала отырып жойылады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы қылмыстық процесте дәлелдемелік маңызы жоқ деп таныған жасырын тергеу әрекеттерінің нәтижелері жойылатын күннен екі ай бұрын тиісті прокурор хабардар етіледі.

мынадай мазмұндағы 1-1 және алтыншы бөліктермен толықтырылсын:

"1-1. Осы бапта көзделген жағдайларды қоспағанда, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы адамды оған қатысты жасырын тергеу әрекеті жүргізілген қылмыстық іс бойынша қорытынды шешім шығарылған кезден бастап алты айдан кешіктірілмейтін мерзімде бұл туралы жасырын тергеу әрекетінің нәтижелерімен таныстырмастан, хабардар етуге тиіс.

Бұл мерзімді тергеу судьясы сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының уәжді өтінішхаты бойынша бір жылға дейін ұзартуы мүмкін.

Тергеу судьясы сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының уәжді өтінішхаты бойынша адамды:

- 1) террористік немесе экстремистік қылмыс туралы қылмыстық іс бойынша;
- 2) қылмыстық топ жасаған қылмыс туралы қылмыстық іс бойынша;
- 3) егер хабардар ету мемлекеттік құпияларды жария ету қатерін төндірсе;

4) егер хабардар ету қызметті құпия негізде және астыртын нысанда жүзеге асыратын адамдардың және өзге де адамдардың қауіпсіздігіне қатер төндірсе, оған қатысты жүргізілген жасырын тергеу әрекеті туралы хабардар етпеуге келісуі мүмкін.";

"6. Өзіне қатысты жасырын тергеу әрекеттері жүргізілген адамның осы баптың 1-1-бөлігінде көзделген хабардар ету кезінен бастап он бес күн ішінде сотқа тиісті жасырын тергеу әрекеттерін жүргізуді заңсыз деп тану және келтірілген нұқсанды (ондай болған кезде) өтеткізу туралы арызбен жүгінуге құқығы бар.";

46) 244-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы тергеу судьясының санкциясы алынғаннан кейін қаулыны орындау үшін құқық қорғау органының немесе арнаулы мемлекеттік органның уәкілетті бөлімшесіне жібереді, оның қызметкері талап етілетін, кез келген материалдық ақпарат жеткізгіште тіркелген ақпаратты беруге міндетті.

Көрсетілген ақпарат оның берілген кезеңі және абоненттердің және (немесе) абоненттік құрылғылардың нөмірлері көрсетілетін ілеспе хатпен бірге мөрмен жабылған түрде беріледі.";

47) 246-баптың екінші және алтыншы бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Тергеуші, анықтаушы пошта жөнелтілімдері мен өзге жөнелтілімдерді жасырын бақылауды қажет деп тауып, уәжді қаулы шығарады.

Қаулыда: пошта-телеграф жөнелтілімдерін кідірту жөнінде міндет жүктелетін байланыс мекемесінің атауы, пошта-телеграф жөнелтілімдері жасырын бақылануға жататын адамдардың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), олардың мекенжайы, жасырын бақылау қолданылатын пошта-телеграф жөнелтілімдерінің түрі, осы бақылау қолданылатын мерзім көрсетілуге тиіс.

Көрсетілген қаулы тергеу судьясына ұсынылады және ол санкция берген жағдайда, оны тергеуші, анықтаушы орындау үшін пошта мекемелеріне немесе жөнелтілімдерді жеткізу бойынша қызметтер көрсететін тұлғаларға жібереді.";

"6. Пошта жөнелтілімдері мен өзге жөнелтілімдерді жасырын бақылау шарасына қажеттілік жойылған кезде, бірақ кез келген жағдайда да тергеп-тексеру аяқталуынан кешіктірмей тергеуші (анықтаушы) тергеу судьясының санкциясымен осы шараның күшін жояды, бұл туралы пошта мекемесі немесе жөнелтілімдерді жеткізу бойынша қызметтер көрсететін тұлға үш тәулік ішінде хабардар етіледі.";

48) 254-баптың бірінші және екінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Тінту мен алуды сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам уәжді қаулы бойынша жүргізеді. Тінту жүргізу туралы, сондай-ақ мемлекеттік құпияны немесе заңмен қорғалатын өзге құпияны қамтитын құжаттарды алу туралы қаулыны тергеу судьясы санкциялауға тиіс.

Тінту мен алуды жүргізу туралы қаулыны санкциялау осы Кодекстің 220-бабының 13-1, 13-3 және 13-4-бөліктерінде көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Тұрғын үй-жайда онда тұрып жатқан адамдардың еркінен тыс алу осы Кодекстің 220-бабының он үшінші, 13-1, 13-3 және 13-4-бөліктерінің қағидалары бойынша жүргізіледі.";

49) 268-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы баптың екінші бөлігінде көрсетілген жағдайларда жәбірленушіден, куәдан, сондай-ақ арыз иесінен және арыз иесі қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам деп тікелей көрсеткен адамнан үлгілерді мәжбүрлеп алуға осы Кодекстің 220-бабының 13-1, 13-3 және 13-4-бөліктерінде көзделген тәртіппен, тергеу судьясының санкциясымен немесе соттың қаулысы бойынша ғана жол беріледі.";

50) 296-баптың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Күдікті мен қорғаушы іс материалдарымен танысып болғаннан кейін сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам олардың өтінішхат мәлімдейтінін және нақты не туралы екенін, қандай өзге де мәлімдемелер жасағысы келетінін анықтауға міндетті.

Бұл ретте күдікті мен оның қорғаушысы қылмыстық іске міндетті түрде қоса тігілетін қосымша дәлелдемелер мен өзге ақпарат береді. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам осы Кодекстің 297-бабының үшінші және төртінші бөліктерінде көзделген тәртіппен қосымша тергеу әрекеттерін жүргізуге құқылы.

Тараптардың сол кезде қолда бар дәлелдемелер мен өзге материалдарды толық көлемде ұсынбауы оларды дәлелдемелер ретінде жіберуге болмайды деп тануға алып келеді.

Бұл ретте қорғау тарапы, өзінің пікірі бойынша, күдіктіні қорғау мүдделерін қамтамасыз ету үшін ерекше маңызы бар дәлелдемені, уәждемесіне қарамастан, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органына бермеуге құқылы.

Күдікті мен оның қорғаушысынан олардың жауап алынған куәлардың, сондай-ақ іске қатысатын сарапшылардың, мамандардың және куәгерлердің арасынан нақты қайсысын сот отырысына жауап алу және қорғану ұстанымын растау үшін шақыртқысы келетіні анықталуға тиіс.";

51) 303-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Егер прокурор кепіл, күзетпен ұстау немесе ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасының күшін жою, оны өзгерту не таңдау қажет деп тапса, ол тиісінше осы Кодекстің 145, 146, 147 және 153-баптарын басшылыққа алады.";

52) 513-баптың бірінші және үшінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Істі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын органның адамға қауіпсіздік шараларын қолдану қажеттігіне байланысты адамды медициналық ұйымға орналастыру туралы қаулысын тергеу судьясы қарап, шешім қабылдайды.

Істі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын орган қаулысының көшірмесі бір мезгілде прокурорға жіберіледі.";

"3. Медициналық ұйымға орналастыру түріндегі қауіпсіздік шарасы бүкіл сотқа дейінгі іс жүргізу барысында, бірақ бір айдан аспай сақталады, содан соң оны қолдану мерзімін тергеу судьясы сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының өтінішхаты бойынша бір айдан аспайтын мерзімге ұзартуы мүмкін не оның күші жойылуы мүмкін. Сот талқылауы барысында осы қауіпсіздік шарасы соттың қылмыстық істі қарау бойынша шығарылған, медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын қолдану туралы қаулысы заңды күшіне енгенге дейін сақталады.";

53) 525-бап алып тасталсын;

54) 527-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам нәтижелері қылмыстық құқық бұзушылықтың іздерін және күдікті, айыпталушы кінәсінің өзге де дәлелдемелерін тіркейтін тергеу әрекеттері мен өзге де процестік әрекеттерді ғана жүргізуге құқылы.

Егер күдікті мен оның қорғаушысы, жәбірленуші істің анықталған мән-жайларына дау айтпаса, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жиналған дәлелдемелермен шектелуге құқылы.

Қылмыстық теріс қылық туралы іс бойынша осы Кодекстің 189-бабының төртінші бөлігінде көзделген тәртіппен анықтау тағайындалған кезде, сотқа дейінгі тергеп-тексеру қылмыстық теріс қылық туралы хаттама жасаумен аяқталады.";

55) 528-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"528-бап. Хаттаманы сотқа жіберу тәртібі

1. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам хаттама мен оған қоса берілген материалдарды танысу үшін күдіктіге ұсынады, бұл туралы хаттамада күдіктінің және қорғаушының (ол қатысқан кезде) қойған қолымен куәландырылатын тиісті белгі жасалады. Күдікті хаттамамен және іс материалдарымен танысқаннан кейін қылмыстық іс анықтау органының бастығына жіберіледі.

2. Анықтау органының бастығы хаттама мен оған қоса берілген материалдарды зерделеп шығып, мынадай әрекеттердің бірін жасайды:

1) қылмыстық теріс қылық туралы хаттаманы бекітеді және қылмыстық істі сотқа жібереді, хаттаманың көшірмесі прокурорға жіберіледі;

2) хаттаманы бекітуден бас тартады және қылмыстық істі анықтау жүргізу үшін қайтарады.

Күдікті осы Кодекстің 128-бабының тәртібімен ұстап алынған жағдайда, қылмыстық теріс қылық туралы іс күдікті нақты ұстап алынған кезден бастап отыз алты сағаттан кешіктірілмей сотқа жіберіледі.";

56) 547-баптың бесінші және оныншы бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Қылмыс жасады деп күдік келтірілетін Қазақстан Республикасы Парламентінің депутатын күзетпен ұстау немесе ұйқамаққа алу түріндегі бұлтартпау шараларын санкциялау туралы мәселені Астана қаласының тергеу судьясы сотқа дейінгі

тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры қолдаған қаулысы негізінде шешеді. Қазақстан Республикасы Парламентінің депутатына қатысты күзетпен ұстау немесе ұйқамақ мерзімін осы Кодексте көзделген тәртіппен ұзарту туралы өтінішхат оны Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры қолдаған кезде ғана сотқа жіберілуі мүмкін.";

"10. Қазақстан Республикасы Парламентінің депутатына қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексерудің заңдылығын қадағалауды Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры жүзеге асырады. Қазақстан Республикасы Парламентінің депутатына қатысты, осы Кодекске сәйкес санкциялануға жататын тергеу әрекеттерін жүргізуге санкцияны Астана қаласының тергеу судьясы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның Қазақстан Республикасының Бас Прокурорымен келісілген қаулысы негізінде береді.";

57) 551-баптың алтыншы және жетінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Қылмыс жасады деп күдік келтірілетін Қазақстан Республикасының Бас Прокурорын күзетпен ұстау немесе ұйқамаққа алу түріндегі бұлтартпау шараларын санкциялау туралы мәселені Астана қаласының тергеу судьясы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бірінші орынбасары қолдаған қаулысы негізінде шешеді. Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына қатысты күзетпен ұстау немесе ұйқамақ мерзімін осы Кодексте көзделген тәртіппен ұзарту туралы өтінішхат оны Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бірінші орынбасары қолдаған кезде ғана сотқа жіберілуі мүмкін.

7. Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексерудің заңдылығын қадағалауды оның бірінші орынбасары жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына қатысты тергеу мерзімін осы Кодексте көзделген тәртіппен ұзартуды Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бірінші орынбасары жүргізеді.

Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына қатысты, осы Кодекске сәйкес санкциялануға жататын тергеу әрекеттерін жүргізуге санкцияны Астана қаласының тергеу судьясы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бірінші орынбасарымен келісілген қаулысы негізінде береді.";

58) мынадай мазмұндағы 13-1-бөліммен толықтырылсын:

"13-1-бөлім. Бұйрықтық іс жүргізу

64-1-тарау. Бұйрықтық іс жүргізу тәртібі

629-1-бап. Бұйрықтық іс жүргізуді қолдану негіздері

1. Бұйрықтық іс жүргізу тәртібі, осы тарауда көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, осы Кодекстің жалпы қағидаларымен айқындалады.

2. Қылмыстық теріс қылықтар және онша ауыр емес қылмыстар бойынша іс, егер:

1) жиналған дәлелдемелер арқылы қылмыстық теріс қылық және (немесе) онша ауыр емес қылмыс фактісі және оны жасаған адам анықталса;

2) күдікті қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы өз кінәсінің қолда бар дәлелдемелеріне дау айтпаса, өз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) саралануына, келтірілген нұқсанның (зиянның) мөлшеріне (сомасына) келіссе;

3) жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың санкциясы негізгі жаза түрлерінің бірі ретінде айыппұлды көздесе;

4) күдікті істі дәлелдемелерді зерттемей, өздерін істі сотта қарауға шақырмай және қатыстырмай, бұйрықтық іс жүргізу тәртібімен қарау туралы өтінішхат мәлімдесе, ал жәбірленуші, сондай-ақ азаматтық талапкер мен азаматтық жауапкер (олар іс бойынша қатысқан жағдайда) бұған келісім білдірсе, бұйрықтық іс жүргізу тәртібімен қаралуға жатады.

3. Бұйрықтық іс жүргізу:

1) қылмыстық құқық бұзушылық жасағаннан кейін өз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамдық қауіптілігін ұғыну не оларды игеру мүмкіндігінен айыратын психикасының бұзылуымен ауырған адамға;

2) кәмелетке толмаған адамға немесе дене немесе психикалық кемістігі салдарынан өзінің қорғалу құқығын өзі жүзеге асыра алмайтын адамға;

3) қылмыстық қудалаудан артықшылықтары мен иммунитеті бар адамға;

4) міндетті қосымша жазалау ретінде мүлікті тәркілеу, арнаулы, әскери немесе құрметті атақтан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныптан және мемлекеттік наградалардан айыру, белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру, Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу қолданылуы мүмкін адамға қатысты қолданылмайды.

4. Бұйрықтық іс жүргізу, олардың ішінде ең болмағанда біреуі айыппұл түрінде негізгі жазаны көздемейтін қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығына қатысты, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 60-бабының қағидаларын қолдануды талап ететін үкімдер жиынтығы кезінде қолданылмайды.

5. Егер сот іс бойынша бұрын шығарылған үкімнің күшін осы Кодекстің 629-6-бабының екінші бөлігінде көзделген негіздер бойынша жойған болса, бұйрықтық іс жүргізу қолданылмайды.

6. Сотқа дейінгі іс жүргізуді жүзеге асыратын адам осы баптың екінші бөлігінде көзделген негіздердің жиынтығы анықталған кезден бастап бес тәулік ішінде бұйрықтық іс жүргізуді қолдану туралы қаулы шығара отырып, сотқа дейінгі іс жүргізуді аяқтайды.

Бұл ретте сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам нәтижелері қылмыстық құқық бұзушылықтың іздерін және күдікті, айыпталушы кінәсінің өзге де дәлелдемелерін тіркейтін тергеу әрекеттері мен өзге де процестік әрекеттерді ғана жүргізуге құқылы.

Күдікті, оның қорғаушысы (ол қатысқан кезде), жәбірленуші, оның өкілі, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер қылмыстық іс материалдарымен танысқаннан және олардың өтінішхаттары шешілгеннен кейін сотқа дейінгі іс жүргізуді жүзеге асыратын адам бұйрықтық іс жүргізуді қолдану туралы қаулы шығарады.

629-2-бап. Бұйрықтық іс жүргізуді қолдану туралы қаулының мазмұны

1. Бұйрықтық іс жүргізуді қолдану туралы қаулыда:

- 1) оның шығарылған уақыты, орны;
- 2) қаулыны кімнің шығарғаны;
- 3) күдіктінің жеке басы туралы деректер;
- 4) қылмыстық құқық бұзушылықтың сипаттамасы, оның ішінде оқиға, жасалу тәсілдері, уәждері, салдары мен басқа да елеулі мән-жайлар;
- 5) жәбірленуші, келтірілген зиянның сипаты мен мөлшері туралы мәліметтер;
- 6) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілері;
- 7) жауаптылықты ауырлататын және жеңілдететін мән-жайлар;
- 8) бұйрықтық іс жүргізуді қолдану негіздері;
- 9) қылмыстық теріс қылықтар туралы істер бойынша – қылмыстық істі сотқа бұйрықтық іс жүргізу тәртібімен қарау үшін жіберу туралы;
- 10) онша ауыр емес қылмыстар туралы істер бойынша – бұйрықтық іс жүргізуді қолдану туралы қаулыны бекіту және қылмыстық істі қарау үшін сотқа жіберу туралы мәселені шешу үшін қылмыстық істі прокурорға жіберу туралы көрсетіледі.

Бұйрықтық іс жүргізуді қолдану туралы қаулыға оны жасаған адам қол қояды.

2. Бұйрықтық іс жүргізуді қолдану туралы қаулы бекітілгеннен кейін жиырма төрт сағаттан кешіктірілмей, оның көшірмесі айыпталушыға, оның қорғаушысына (ол қатысқан кезде), жәбірленушіге, азаматтық талапкерге, азаматтық жауапкерге, ал қылмыстық теріс қылықтар туралы істер бойынша прокурорға да табыс етіледі не жіберіледі.

629-3-бап. Бұйрықтық іс жүргізуді қолдану туралы қаулыны сотқа жіберу тәртібі

1. Қылмыстық теріс қылықтар туралы істер бойынша сотқа дейінгі іс жүргізуді жүзеге асыратын адам шығарған бұйрықтық іс жүргізуді қолдану туралы қаулы анықтау органының бастығына берілуге жатады, ол қылмыстық істі дереу зерделеп шығып, ол бойынша мына шешімдердің бірін қабылдайды:

1) бұйрықтық іс жүргізуді қолдану туралы қаулыны бекітеді және қылмыстық істі қарау үшін сотқа жібереді;

2) бұйрықтық іс жүргізуді қолдану туралы қаулыны бекітуден бас тартады және қылмыстық істі осы Кодекстің 35 және 36-баптарында көзделген негіздер бойынша тоқтатады;

3) бұйрықтық іс жүргізуді қолдану туралы қаулыны бекітуден бас тартады және қылмыстық істі анықтау жүргізу үшін қайтарады.

Бұйрықтық іс жүргізуді қолдану туралы қаулыны бекітуден бас тарту уәжді болуға тиіс және бұл туралы мүдделі тұлғалар хабардар етіледі.

2. Онша ауыр емес қылмыстар туралы істер бойынша анықтаушы шығарған бұйрықтық іс жүргізуді қолдану туралы қаулы анықтау органының бастығына берілуге жатады, ол қылмыстық істі дереу зерделеп шығып, ол бойынша мына шешімдердің бірін қабылдайды:

1) бұйрықтық іс жүргізуді қолдану туралы қаулыны келіседі және қылмыстық істі прокурорға жібереді;

2) бұйрықтық іс жүргізуді қолдану туралы қаулыны келісуден бас тартады.

Бұйрықтық іс жүргізуді қолдану туралы қаулыны келісуден бас тарту туралы шешім уәжді болуға тиіс.

3. Тергеу бөлімінің бастығы онша ауыр емес қылмыстар туралы істер бойынша тергеуші шығарған бұйрықтық іс жүргізуді қолдану туралы қаулыны прокурорға жіберуге тиіс.

4. Прокурор қылмыстық істі зерделеп шығып, іс келіп түскен кезден бастап – жиырма төрт сағаттан кешіктірмей, ал күдікті күзетпен ұсталатын істер бойынша сегіз сағаттан кешіктірмей, ол бойынша мына шешімдердің бірін қабылдайды:

1) бұйрықтық іс жүргізуді қолдану туралы қаулыны бекітеді және қылмыстық істі қарау үшін сотқа жібереді;

2) бұйрықтық іс жүргізуді қолдану туралы қаулыны бекітуден бас тартады және қылмыстық істі осы Кодекстің 35 және 36-баптарында көзделген негіздер бойынша тоқтатады;

3) осы Кодекстің 629-1-бабының екінші бөлігінде көзделген негіздер болмаған кезде қылмыстық істі анықтау не алдын тергеу жүргізу үшін қайтарады;

4) қылмыстық істі жекелеген күдіктілерге қатысты тоқтатады, бұл туралы тиісті қаулы шығарады және істі сотқа жібереді не сотқа дейінгі тергеп-тексеруді толық көлемде тоқтатады.

Прокурор қабылданған шешім туралы мүдделі адамдарды хабардар етеді.

5. Арасында қылмыстық теріс қылықтар мен онша ауыр емес қылмыстар бар екі және одан көп қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысты қылмыстық іс осы баптың екінші және үшінші бөліктерінде көзделген тәртіппен сотқа жіберілуге жатады.

629-4-бап. Бұйрықтық іс жүргізудегі сот талқылауының тәртібі мен мерзімі

1. Судья іс сотқа бұйрықтық іс жүргізуді қолдану туралы қаулымен бірге келіп түскен кезден бастап үш тәулікке дейінгі мерзімде істі ұсынылған материалдар негізінде, сот отырысын өткізбей, жеке-дара қарайды.

Судья істі бұйрықтық іс жүргізу тәртібімен қарау қорытындылары бойынша мынадай уәжді шешімдердің бірін:

1) егер бұйрықтық іс жүргізуді қолданудың осы Кодекстің 629-1-бабының екінші бөлігінде көзделген негіздері болмаса, қылмыстық теріс қылық туралы қылмыстық істі сотқа дейінгі іс жүргізуді жүзеге асыратын органға қайтару туралы қаулы;

2) егер бұйрықтық іс жүргізуді қолданудың осы Кодекстің 629-1-бабының екінші бөлігінде көзделген негіздері болмаса, онша ауыр емес қылмыс туралы істі прокурорға қайтару туралы қаулы;

3) егер осы Кодекстің 35 және 36-баптарында көзделген негіздер болса, қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы қаулы;

4) бұйрықтық іс жүргізу тәртібіндегі айыптау үкімін;

5) егер сот сотталушыға айыппұлдан өзге қылмыстық жаза тағайындау қажет деген тұжырымға келетін болса, қылмыстық теріс қылық туралы қылмыстық істі сотқа дейінгі іс жүргізуді жүзеге асыратын органға қайтару туралы қаулы;

6) егер сот сотталушыға айыппұлдан өзге қылмыстық жаза тағайындау қажет деген тұжырымға келетін болса, онша ауыр емес қылмыс туралы қылмыстық істі прокурорға қайтару туралы қаулы шығарады.

2. Қылмыстық істі сотқа дейінгі іс жүргізуді жүзеге асыратын адамға не прокурорға қайтару туралы қаулы шағым жасалуға, прокурордың өтінішхаты бойынша қайта қаралуға жатпайды.

629-5-бап. Бұйрықтық іс жүргізу тәртібіндегі айыптау үкімінің құрылымы мен мазмұны

1. Айыптау үкімінің кіріспе бөлігінде:

1) үкімнің Қазақстан Республикасының атынан шығарылғаны;

2) үкімнің шығарылған уақыты мен орны;

3) үкім шығарған соттың атауы;

4) сотталушының тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде), оның туған жылы, айы, күні және жері, тұрғылықты жері, жұмыс орны, айналысатын кәсібі, білімі, отбасылық жағдайы және сотталушының жеке басы туралы, іс үшін маңызы бар өзге де мәліметтер;

5) жасалғанына сотталушы айыпталып отырған қылмыстық құқық бұзушылықты көздейтін қылмыстық заң (бап, бөлік, тармақ) көрсетіледі.

2. Айыптау үкімінің сипаттау-уәждеу бөлігінде:

1) сотталушы кінәлі деп танылған, жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың сипаттамасы;

2) қылмыстық құқық бұзушылықтың саралануы;

3) кінәсінің нысаны, қылмыстық құқық бұзушылықтың уәждері мен салдары, келтірілген нұқсанның сипаты мен мөлшері;

4) сотталушыға айыппұл тағайындау уәждері;

5) азаматтық талап қою бойынша шешімнің уәждері;

б) заттай дәлелдемелердің тағдыры, процестік шығасыларды өндіріп алу көрсетіледі

3. Айыптау үкімінің қарар бөлігінде мыналар көрсетілуге тиіс:

1) сотталушының тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде);

2) сотталушыны қылмыстық құқық бұзушылық жасауда кінәлі деп тану туралы шешім;

3) сотталушы кінәлі деп танылған қылмыстық заң (бап, бөлік, тармақ);

4) айыппұл мөлшері, оның ішінде теріс қылықтардың және (немесе) онша ауыр емес қылмыстардың жиынтығы кезінде әрбір қылмыстық құқық бұзушылық үшін Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 58-бабы негізінде тағайындалған айыппұлдың түпкілікті мөлшері;

5) қойылған азаматтық талап бойынша шешім;

6) заттай дәлелдемелер туралы мәселенің шешілуі;

7) процестік шығасыларды бөлу туралы шешім;

8) үкіммен келіспейтіні туралы өтінішхат келтіру және үкімге шағым жасау тәртібі мен мерзімі туралы көрсету.

629-6-бап. Бұйрықтық іс жүргізу тәртібіндегі айыптау үкімінің көшірмесін жіберу

1. Бұйрықтық іс жүргізу тәртібіндегі айыптау үкімі шығарылған күннен бастап бір тәуліктен кешіктірмей, сот оның көшірмесін сотталған адамға табыс ету туралы хабарламамен, оның қорғаушысына (ол қатысқан кезде), жәбірленушіге және прокурорға, сондай-ақ тиісті өтінішхат келіп түскен кезден бастап дәл сол мерзімде процестің басқа қатысушыларына жібереді.

2. Сотталған адам айыптау үкімінің көшірмесін алған күннен бастап жеті тәулік ішінде бұйрықтық іс жүргізу тәртібімен үкім шығарған сотқа, айыппұл мөлшерін қоспағанда, үкіммен келіспейтіні туралы өтінішхат жіберуге құқылы.

Егер сотталған адамнан белгіленген мерзімде үкіммен келіспейтіні туралы өтінішхат келіп түссе, судья өзі бұйрықтық іс жүргізу тәртібімен шығарған үкімнің күшін жояды және істі сотқа дейінгі іс жүргізу органына қайтарады, бұл туралы қаулы шығарады.

Бұйрықтық іс жүргізу тәртібімен шығарылған үкімнің күшін жою туралы қаулының көшірмесі ол шығарылған күні – сотталған адамға, оның қорғаушысына (ол қатысқан кезде), жәбірленушіге және прокурорға, сондай-ақ тиісті өтінішхат келіп түскен кезден бастап дәл сол мерзімде процестің басқа қатысушыларына табыс етіледі (жіберіледі).

Бұйрықтық іс жүргізу тәртібіндегі үкімнің күшін жою туралы қаулы шағым жасалуға немесе прокурордың өтінішхаты бойынша қайта қаралуға жатпайды.

629-7-бап. Бұйрықтық іс жүргізу тәртібіндегі қылмыстық істі тоқтату туралы қаулыға және айыптау үкіміне шағым жасау

Бұйрықтық іс жүргізу тәртібімен шығарылған қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы қаулыға және айыптау үкіміне – көрсетілген сот актілерінің көшірмесі

алынған кезден бастап жеті тәулік ішінде жәбірленушінің шағымы және (немесе) прокурордың өтінішхаты келтірілуі мүмкін, олар осы Кодекстің 8-бөлімінде көзделген апелляциялық тәртіппен қаралуға жатады.

Азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер бұйрықтық іс жүргізу тәртібімен шығарылған қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы қаулыға және айыптау үкіміне, азаматтық талап қоюға қатысты бөлігінде, көрсетілген сот актілерінің көшірмесі алынған кезден бастап жеті тәулік ішінде апелляциялық тәртіппен шағым жасауға құқылы.

Бұйрықтық іс жүргізу тәртібімен шығарылған қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы қаулыны және айыптау үкімін қайта қарау туралы өтінішхаттарды қарау осы Кодекстің 8-бөлімінде көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Сотталған адам тағайындалған айыппұл мөлшеріне келіспеген жағдайда ғана айыптау үкіміне өтінішхат келтіре алады.

Бұйрықтық іс жүргізу тәртібімен шығарылған қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы қаулы да және айыптау үкімі де осы Кодекстің 10-бөлімінде көзделген тәртіппен қайта қаралуы мүмкін.

629-8-бап. Бұйрықтық іс жүргізу тәртібіндегі істі тоқтату туралы қаулының және айыптау үкімінің заңды күшіне енуі

Егер белгіленген мерзімде сотталған адамнан, жәбірленушіден, азаматтық талапкерден, азаматтық жауапкерден немесе прокурордан өтінішхат келіп түспесе, бұйрықтық іс жүргізу тәртібімен шығарылған істі тоқтату туралы қаулы және айыптау үкімі орындауға жіберіледі, бұл туралы сотталған адамға, оның қорғаушысына (ол қатысқан кезде), жәбірленушіге және прокурорға хабарланады."

2. "Жедел-ізвестіру қызметі туралы" 1994 жылғы 15 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., № 13-14, 199-құжат; 1995 ж., № 24, 167-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 14, 275-құжат; 1998 ж., № 24, 436-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 8, 53-құжат; № 17-18, 245-құжат; 2002 ж., № 4, 32-құжат; № 15, 147-құжат; № 17, 155-құжат; 2004 ж., № 18, 106-құжат; № 23, 142-құжат; № 24, 154-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2009 ж., № 6-7, 32-құжат; № 17, 83-құжат; № 24, 121-құжат; 2010 ж., № 10, 48-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат; № 20, 158-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; 2013 ж., № 1, 2-құжат; 2014 ж., № 7, 33-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 21, 118, 122-құжаттар; 2016 ж., № 23, 118-құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 8, 16-құжат; № 14, 50-құжат):

1) 1-баптың 7), 13), 18), 19), 20) және 21) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"7) компьютерлерден, серверлерден және ақпаратты жинауға, өңдеуге, жинақтауға және сақтауға арналған басқа құрылғылардан ақпаратты жасырын алу – компьютерлерден, серверлерден және ақпаратты жинауға, өңдеуге, жинақтауға және

сақтауға арналған басқа құрылғылардан ақпаратты арнаулы техникалық құралдармен және (немесе) компьютерлік бағдарламалармен, қажет болған кезде жасырын кіру және (немесе) зерттеп-қарау арқылы жүргізілетін жасырын алу;"

"13) жасырын кіру және (немесе) орынды жасырын зерттеп-қарау – тұрғын, қызметтік, өндірістік үй-жайларға, ғимараттарға, құрылысжайларға, сақтау қоймаларына, көлік құралына немесе жергілікті жер учаскесіне, қажет болған кезде оларды зерттеп-қарай отырып, сондай-ақ жедел-ізвестіру қызметінің өзге де міндеттерін шешу үшін жасырын кіру;"

"18) пошта жөнелтілімдері мен өзге жөнелтілімдерді жасырын бақылау – хаттарды, жеделхаттарды, радиограммаларды, бандерольдерді, жіберілімдерді және басқа да пошта-телеграф жөнелтілімдерін қарау және олардың мазмұнымен танысу жолымен іс үшін маңызы бар мәліметтерді алу;

19) адамды немесе орынды жасырын аудио- және (немесе) бейнебақылау – айтылған ақпаратты және өзге де ақпаратты, сондай-ақ нақты белгілі бір жерде болған адамның әрекеттерін және (немесе) оқиғаларды бейне-, аудиотехниканы не өзге де арнаулы ғылыми-техникалық құралдарды пайдаланып, олардың мазмұнын бір мезгілде материалдық жеткізгіште тіркей отырып, қажет болған кезде жасырын кіру және (немесе) зерттеп-қарау арқылы жүргізілетін жасырын бақылау;

20) абоненттер және (немесе) абоненттік құрылғылар арасындағы қосылулар туралы ақпаратты жасырын алу – абоненттер және (немесе) абоненттік құрылғылар (пайдалану құрал-жабдығы) арасындағы қосылудың күні, уақыты, ұзақтығы туралы мәліметтер алу;

21) электр (телекоммуникация) байланысының желілерін жасырын бақылау – телефон немесе дауыстық ақпарат беруге мүмкіндік беретін басқа құрылғылар арқылы берілетін дауыстық ақпаратты ғылыми-техникалық құралдарды және (немесе) компьютерлік бағдарламаларды пайдалана отырып, қажет болған кезде жасырын кіру және (немесе) зерттеп-қарау арқылы жүргізілетін жасырын тыңдау және (немесе) жазып алу;

Электр (телекоммуникация) байланысының желілері арқылы берілетін ақпаратты ұстап алу және алу – сым, радио, оптикалық және басқа да электромагниттік жүйелер арқылы берілетін белгілерді, сигналдарды, дауыстық ақпаратты, жазбаша мәтінді, кескіндерді, бейнекескіндерді, дыбыстарды және басқа да ақпаратты ұстап алу және алу;"

2) 11-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Арнаулы жедел-ізвестіру іс-шаралары мыналар болып табылады:

1) адамды немесе орынды жасырын аудио- және (немесе) бейнебақылау;

2) электр (телекоммуникация) байланысының желілері арқылы берілетін ақпаратты жасырын бақылау, ұстап алу және алу;

3) абоненттер және (немесе) абоненттік құрылғылар арасындағы қосылулар туралы ақпаратты жасырын алу;

4) компьютерлерден, серверлерден және ақпаратты жинауға, өңдеуге, жинақтауға және сақтауға арналған басқа құрылғылардан ақпаратты жасырын алу;

5) пошта жөнелтілімдері мен өзге жөнелтілімдерді жасырын бақылау;

6) жасырын кіру және (немесе) орынды жасырын зерттеп-қарау.";

3) 12-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Арнаулы жедел-ізвестіру іс-шаралары:

1) ауыр және аса ауыр қылмыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 116 (бірінші бөлігі), 126 (бірінші және екінші бөліктері), 128 (бірінші бөлігі), 134 (бірінші бөлігі), 161 (бірінші бөлігі), 185 (бірінші және екінші бөліктері), 188 (екінші бөлігі), 189 (екінші бөлігі), 190 (екінші бөлігі), 194 (бірінші бөлігі), 195 (төртінші бөлігі), 197 (үшінші бөлігі), 207 (екінші бөлігі), 210 (бірінші бөлігі), 211 (екінші бөлігі), 213 (үшінші бөлігі), 216 (бірінші бөлігі), 218 (бірінші және екінші бөліктері), 231 (бірінші бөлігі), 232 (бірінші бөлігі), 233 (екінші бөлігі), 234 (екінші бөлігі), 245 (бірінші бөлігі), 272 (үшінші бөлігі), 283 (бірінші бөлігі), 286 (бірінші бөлігі), 287 (үшінші бөлігі), 288 (бірінші бөлігі), 307 (екінші бөлігі), 308 (бірінші бөлігі), 309 (бірінші бөлігі), 315 (бірінші бөлігі), 361 (екінші бөлігі), 362 (екінші бөлігі), 365 (екінші бөлігі), 366 (бірінші бөлігі), 367 (бірінші және екінші бөліктері), 394 (екінші бөлігі), 399 (екінші бөлігі), 422 (бірінші және екінші бөліктері)-баптарында көзделген ауырлығы орташа қылмыстарды және қылмыстық топ жасаған қылмыстарды анықтау, олардың алдын алу және жолын кесу мақсатында, егер тексерілетін адам үшінші тұлғаның телефонын немесе өзге сөйлесу құрылғысын пайдаланады деген мәліметтер болса немесе үшінші тұлға телефонды және басқа сөйлесу құрылғыларын пайдаланып, тексерілетін адам үшін ақпарат алады не тексерілетін адамнан басқа адамдарға беру үшін ақпарат алады деген мәліметтер болса, тексерілетін адамға не үшінші тұлғаға қатысты прокурордың санкциясымен ғана жүргізіледі және олардың мазмұнын материалдық жеткізгіште тіркеп қою;

2) тергеуден, анықтаудан, соттан жасырынып жүрген және Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 232-бабының төртінші бөлігінде көрсетілген қылмыстарды жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан жалтарып жүрген, сондай-ақ хабарсыз кеткен адамдарды іздестіру жөніндегі шараларды жүзеге асыру үшін прокурордың санкциясымен ғана жүргізіледі.

Осындай іс-шараларды жүргізуге санкцияны жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын органдардың қаулысы бойынша Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, оның бірінші орынбасары не орынбасарлары, Бас әскери прокурор, облыстардың прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорлар береді.

Осы Заңның 6-бабында санамаланған барлық органдардың міндеттерді шешуі мүддесінде байланыс желісін пайдалануға байланысты арнаулы жедел-ізвестіру

іс-шараларын Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары техникалық жағынан жүзеге асырады, бұл үшін оларға қажетті күш пен қаражат бөлінеді.

Байланыс желісін пайдалануға байланысты арнаулы жедел-іздістіру іс-шараларының ұйымдастырылуы және жүргізілу тактикасы Қазақстан Республикасының Бас Прокурорымен келісу бойынша, жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыратын органдардың бірінші басшыларының бірлескен нормативтік құқықтық актісімен айқындалады.

Барлау ақпаратын алу, Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігін және күзетілетін адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында сыртқы барлау саласындағы уәкілетті орган, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери барлау органдары және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі Қазақстан Республикасының аумағында байланыс қызметтері мен құралдарын ұсынатын жеке және заңды тұлғалардың стационарлық аппаратурасы мен байланыс желілеріне қосылуды болғызбайтын телекоммуникациялар желілерін пайдалана отырып, арнаулы жедел-іздістіру іс-шараларын жүзеге асыруға құқылы."

3. "Прокуратура туралы" 2017 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2017 ж., № 13, 46-құжат):

12-баптың 2-тармағының 1) және 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) заңнамада белгіленген жағдайларда жедел-іздістіру, қарсы барлау іс-шараларының жүргізілуін санкциялайды, оларды жүргізудің заңдылығын, сондай-ақ жасырын тергеу әрекеттерін жүргізудің заңдылығын тексереді;"

"3) заңдылықты, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзушылықтар анықталған кезде, жедел-іздістіру іс-шараларын тоқтатады;"

2-бап. Осы Заң, 2018 жылғы 1 наурыздан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1-тармағы 2) тармақшасының үшінші абзацын, жасырын тергеу әрекеттерін және олардың мерзімдерін ұзартуды санкциялау бөлігінде 7) тармақшасының бесінші абзацын, 8) тармақшасының төртінші абзацын, 12) тармақшасының бесінші абзацын, тергеу судьясының жасырын тергеу әрекеттерін санкциялау не санкциялаудан бас тарту не жасырын тергеу әрекеттерінің мерзімдерін ұзартудан бас тарту туралы қаулысына өтінішхат келтіру бөлігінде 20) тармақшасының бесінші, сегізінші және оныншы абзацтарын, 36) тармақшасының екінші абзацын, 41) – 44), 46), 47) тармақшаларын, 56) тармақшасының үшінші абзацын, 57) тармақшасының төртінші абзацын, 3-тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Н. Назарбаев

